

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 894 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 қазандағы № 673 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 68-69-70, 421-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 11, 12-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 15-2, 15-3-жолдармен толықтырылсын:

"

15-2	Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі	Әділетмині, ЖС (келісім бойынша)	Сәуір	Маусым	Желтоқсан	Н.В. Пан, А. Қ. Қыдырбаева
15-3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині, ЖС (келісім бойынша)	Сәуір	Маусым	Желтоқсан	Н.В. Пан, А. Қ. Қыдырбаева

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев